| | | |
|---|---|---|
| **Астана қаласы әкімдігінің «№79 мектеп - лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны** | | **Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа - лицей №79» акимата города Астаны** |

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**«10» ақпан 2025 ж.** **№ 32 н/қ**

Астана қаласы город Астана

**Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 9-бабына сәйкес негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп қызметкерлері арасында 8 наурыз, 22 наурыз мерекелер күні қарсаңында заңсыз ақша жинауға, сыйлық алуға және сыйға тартуға тыйым салынсын.
2. Ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан (заңды өкілдерден) жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға/беруге, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді қатаң тыйым салынсын.
3. Мектеп ішінде заңсыз ақша жинауға қатысты шағымдар келіп түскен және ата-аналардан сыйлықтар қабылдау фактілері расталған жағдайда, жұмыстан шығару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жіберу, жазалау шаралары және қатаң шаралар қабылдансын.
4. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **К.Мукушева**